

## Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі Алғабас ауылындағы атауы жоқ орамдарына атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 мамырдағы № 176 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 31 Желтоқсандағы №3 қорытындысына сәйкес Жуантөбе ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жуантөбе ауылдық округі Алғабас ауылының келесі көшелеріне:
  - № 22 орамдағы атауы жоқ көшеге "Сарыарқа" атауы;
  - №13-14 орамдардағы атаусыз көшеге "Қазығұрт" атауы;
  - №23 орамдағы атаусыз көшеге "Көктөбе" атауы;
  - №1-10 орамдардағы атаусыз көшеге "Оқжетпес" атауы;
  - №2-9 кварталдардағы атаусыз көшеге "Хантау" атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өтекен соң қолданысқа енгізілсін.

*Жуантөбе ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*К. Примбетов*